



010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғ., 11/1
тел.: 8 (7172) 35-15-58, факс: 8 (7172) 35-12-55
e-mail: gdbl_buh@mail.ru

010000, город Нур-Султан, пр. Тәуелсіздік, 11/1
тел.: 8 (7172) 35-15-58, факс: 8 (7172) 35-12-55
e-mail: gdbl_buh@mail.ru

21.01.21. № 01/14/43
№ _____ ге

**Нұр-Сұлтан қаласының
«Қоғамдық денсаулық
сақтау» басқармасына**

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының Бақылау кеңесі Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық аурухана» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны директорының бос лауазымына конкурс өткізілетіні туралы хабарлайды және Нұр-Сұлтан қаласының «Қоғамдық денсаулық сақтау» басқармасының сайтына хабарландыруды орналастыру үшін ұсынады.

Хатқа қосымша 11 бет.

Директордың м.а.

А.Х.Шаймердинова

**Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің
«№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК
Байқау кеңесінің сырттай отырысының
ХАТТАМАСЫ**

Нұр-Сұлтан қаласы

№ 1

«21» қаңтар 2021 жыл

Орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Нұр-Сұлтан қаласы, Тәуелсіздік даңғылы 11/1.

Сырттай отырыстың ашылу уақыты мен орны: Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК ғимаратында.

Отырысты өткізу нысаны: күн тәртібінің мәселелерін сырттай қарау және дауыс беруге қойылған мәселелер бойынша сұрау салу жолымен шешімдер қабылдау.

Дауыс беруге қатысқан Байқау кеңесінің мүшелері:

1. **Петухова Надежда Михайловна** – «Еуразиялық медициналық ассоциациясы» ЗТБ вице-президенті»;
2. **Пархоменко Надежда Сергеевна** – Ақмола облысы адвокаттар алқасының адвокаты.
3. **Лебаева Айгерим Бауржановна** – Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ҚДСБ ана мен баланы қорғау бөлімінің басшысы.
4. **Оразақов Тимур Мұратұлы** – «Қамқор» ЖШС бас директоры.

Дауыс бермегендер:

5. **Досмырзаева Гүлназ Төленқызы** – Нұр-Сұлтан қаласының ҚДСБ басшысының орынбасары
6. **Сауранбаева Жанар Батырғалиқызы** – «Педиатрия және балалар хирургиясы ғылыми орталығы» АҚ Басқарма төрағасының стратегиялық даму және экономика жөніндегі орынбасары (декреттік демалыс).

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің барлық мүшелеріне Байқау кеңесінің өткізілетін күні, орны және уақыты туралы хабарланды (2021 жылғы 20 қаңтардағы № 01-14/36 шығыс хатының көшірмесі қоса беріледі).

Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК Байқау кеңесінің алты мүшесінің бесеуі сырттай дауыс беруге қатысты.

Отырысты өткізу үшін Кворум бар. Отырыс заңды.

Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша:

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК директорының бос лауазымына конкурс өткізу.

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының» директоры Лариса Павловна Павловецтің Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты сайланбалы лауазымына ауысуына байланысты Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы – директоры бос орын ашылды.

Байқау кеңесі «Денсаулық сақтау саласындағы Байқау кеңесі бар шаруашылық жүргізу құқығындағы мемлекеттік кәсіпорынның атқарушы органының немесе алқалы атқарушы органы басшысының функцияларын жеке-дара жүзеге асыратын басшының бос лауазымына конкурс өткізу қағидаларына» сәйкес (ҚР ДСМ 2020 жылғы 27 мамырдағы № ҚР ДСМ -58/2020Қ кодының бұйрығы):

-Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің ШЖҚ «№ 1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» МКК директорының бос лауазымына конкурс өткізу туралы шешім қабылдау;

- конкурс өткізу туралы хабарландыруды дайындау және БАҚ-та жариялау;

- конкурс қатысушыларымен әңгімелесу өткізу күнін белгілеу, оның қорытындысы бойынша конкурс жеңімпазын анықтау және оның тағайындалуы туралы ұсынысты «Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасы» ММ жіберу қажет.

Дауыс беруге қойылған мәселелер:

1. 2020 жылдың 25 қаңтарынан бастап Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК директорының бос лауазымына БАҚ-та хабарландыру орналастыру арқылы конкурс жариялау;

2. 2021 жылғы 15 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК базасында конкурс қатысушыларымен әңгімелесу өткізу.

Дауыс беру қорытындысы:

«Қолдаймын» - 4 (Петухова Н.М.; Уразаков Т.М.; Пархоменко Н.С.; Лебаева А.Б.)

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалды» - жоқ.

Шешім қабылданды: 2020 жылдың 25 қаңтарынан бастап 11 ақпанға дейін Нұр-Сұлтан қаласы әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК директорының бос лауазымына БАҚ-та хабарландыру орналастыру арқылы конкурс жариялансын.

2) тармақ бойынша дауыс беру қорытындысы:

«Қолдаймын» - 4 (Петухова Н.М.; Уразаков Т.М.; Пархоменко Н.С.; Лебаева

А.Б.)

«Қарсы» - жоқ,

«Қалыс қалды» - жоқ.

Шешім қабылданды: 2021 жылғы 15 ақпанда Нұр-Сұлтан қаласының әкімдігінің «№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК базасында конкурс қатысушыларымен әңгімелесу өткізілсін.

Қосымша:

- 1) сырттай дауыс беруді өткізу туралы хабарлама-хаттардың көшірмелері;
- 2) байқау кеңесі отырысының материалдары;
- 3) сырттай дауыс беру бюллетеньдері.

«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК БК төрайымы

Н. Петухова



«№1 көпбейінді қалалық балалар ауруханасы» ШЖҚ МКК БК хатшысы

С. Гракович